

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
АҚШ 10 ж.	4,29	15	11	10
Қазақстан 10 ж.	15,14	13	45	134
Gilt, 10 ж.	4,83	19	35	29
Bund, 10 ж.	2,98	11	18	8

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	3,65	-	0,0	10
EUORDEPO	1,87	0	-1	-1
TONIA	17,41	311	31	311
TWINA	17,60	282	43	282
SWAP-1D (USD)	13,93	94	324	518
SWAP-2D (USD)	13,65	100	293	475

Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	340,94	1 754	4 843	4 801
US IG (LUACTRUU Index)	93,37	943	1 607	1 497
EM HY (BEBGTRUU Index)	361,83	635	3 558	2 210
EM IG(I04276US Index)	93,47	78	462	756

### Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы

ISIN	Тикер	Күні	Шығарылу м көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKB00000040	MUX072_0003	10.03.2026	45 863	15,74%	2,50	1 821 (5)
KZKD00001327	MUM096_0016	10.03.2026	90 108	15,10%	15,10	2 882 (8)
KZK100000431	MKM012_0162	10.03.2026	22 598	16,25%	-	325 (1)


### Алдағы МҚБ орналастырулары

ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKT00000040	MTM072_0001	17.03.2026	50 000	1,20	961 (2,7)
KZKD00001319	MUM072_0016	17.03.2026	30 000	15,18	2 118 (5,9)
KZKD00001194	MUM180_0016	17.03.2026	20 000	11,05	3 911 (10,9)


### Негізгі мөлшерлемелер

Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
АҚШ	3,75%	28.01.2026	18.03.2026
ЕОБ	2,15%	05.02.2026	18.03.2026
Қазақстан	18,00%	10.03.2026	24.04.2026


МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



## Fixed income

**US Treasuries.** Өткен аптада АҚШ-тың қазынашылық облигациялар нарығында инфляциялық күтулердің күшеюі, мұнай бағасының динамикасы және макроэкономикалық деректердің жариялануы аясында кірістіліктің өсуі байқалды. Аптаның басында қысқа мерзімді өсімнен кейін кірістілік төмендеді, бұл мұнай бағасының аздап әлсіреуімен және инфляциялық алаңдаушылықтың уақытша төмендеуімен байланысты болды. Алайда апта барысында нарықтағы динамика өзгерді. Кірістілік негізгі экономикалық деректердің жариялануын күту және АҚШ ФРЖ-ның болашақтағы ақша-несие саясатына қатысты белгісіздік аясында біртіндеп өсе бастады. Инфляция бойынша есеп жарияланғаннан кейін, оған сәйкес ақпан айында тұтыну бағалары жылдық мәнде 2,4%-ға өскен, кірістілік одан әрі артты. Нәтижесінде екі жылдық қазынашылық облигациялардың кірістілігі қыркүйектен бергі ең жоғары деңгейге жетті. Аптаның ортасына қарай облигациялар нарығындағы сатылым күшейіп, кең ауқымға таралды. Апта соңында кірістіліктің өсуі жалғасты: ФРЖ-ның пайыздық мөлшерлеме саясатына ең сезімтал екі жылдық қазынашылық облигациялардың кірістілігі алты айдағы ең жоғары деңгейге жетіп, инфляциялық тәуекелдердің сақталуын және инвесторлардың пайыздық мөлшерлемелердің болашақ траекториясына қатысты күтулерінің қайта қаралғанын көрсетті.

**Корпоративті облигациялар** Америкалық жоғары табысты облигациялар (US HY) сегментінде кірістіліктің ең айтарлықтай кеңеюі байқалды, алайда жалпы кірістілік теріс болып қалды, бұл тәуекелі жоғары қарыз құралдарына қысымның күшейгенін және инвесторлардың осы сегментке қызығушылығының төмендегенін көрсетеді. АҚШ инвестициялық деңгейдегі облигациялар (US IG) секторында кірістіліктің өсуі сәл жұмсақ болды. Сол уақытта жалпы кірістілік оң болып қалды, бұл жоғары несие сапалы облигациялар салыстырмалы түрде тұрақты және қорғаныш сипатында екенін білдіреді. Дамушы нарықтардың жоғары табысты облигациялар (EM HY) сегменті кірістіліктің орташа кеңеюін көрсетті, ал жалпы кірістілік теріс болып қалды, бұл сегменттің жанандық тәуекелдер мен инвестор көңіл-күйінің ауытқуларына сезімтал екенін көрсетеді. Дамушы елдердің инвестициялық деңгейдегі облигациялар (EM IG) сегментінде кірістілік өзгерістері минималды болды, ал жалпы кірістілік теріс аймақта қалып, жанандық кірістіліктің өсуіне байланысты қарыз нарықтарына жалпы қысымды көрсетеді.

**РМБҚ нарығы.** Өткен аптада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 160 млрд теңге сомасында 3 мемлекеттік облигация шығарып, жоспарланған орналастыру көлемін орындады. Негізгі сатып алушылар ретінде екінші деңгейлі банктер қызмет етті, олардың үлесі соңғы шығарып салынған облигациялардың 96%-ын құрады. Алдағы аптада Қаржы министрлігі жалпы 100 млрд теңге сомасында мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру үшін 3 аукцион өткізуді жоспарлап отыр.

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 632,19	-1,60%	11,6%
NASDAQ	22 105,36	-1,26%	-4,9%
DJIA	46 558,47	-1,99%	9,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	27,19	-7,80%	68,6%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 261,15	-0,23%	3,1%
DAX	1 999,19	-0,56%	-3,7%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 465,60	-1,13%	-3,3%
Nikkei 225	53 819,61	-3,24%	36,9%
Shanghai SE	4 095,45	-0,70%	3,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 782,24	0,33%	37,1%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	488,20	-1,17%	-3,7%
RUB/KZT	6,43	0,00%	0,4%
CNY/RUB	11,24	1,66%	2,3%
EUR/USD	1,14	-1,74%	-2,6%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	103,1	11,27%	69,8%
WTI (USD/BBL)	98,7	8,59%	72,2%
Золото (USD/OZS)	5 052,5	-1,82%	17,1%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
Сейсенбі, 17 наурыз	АҚШ	ADP бойынша жұмыспен қамтудың өзгеруі жөніндегі апталық деректер
	Еуроаймақ	Тұтыну бағаларының индексі (жылдық мәнде) (ақпан)
Сәрсенбі, 18 наурыз	АҚШ	Өндірушілер бағасының индексі (айдан айға) (ақпан)
	АҚШ	Шикі мұнай қоры
Бейсенбі, 19 наурыз	АҚШ	ФРЖ-ның пайыздық мөлшерлеме бойынша шешімі
	Еуроаймақ	Еуроаймақтағы жалақы (жылдық мәнде) (4-тоқсан)
Жұма, 20 наурыз	АҚШ	Жұмыссыздық бойынша алғашқы өтімдер саны
	Еуроаймақ	ЕОБ-ның пайыздық мөлшерлеме бойынша шешімі (наурыз)
Жұма, 20 наурыз	Еуроаймақ	Еуроаймақ көшбасшыларының саммиті

## Әлемдік қор нарықтары

Фондтық нарықтар сауда аптасын төмендеумен аяқтады. S&P 500 индексі 1,60%-ға құлап, 6 632,19 пунктке жетті; Nasdaq Composite 1,26%-ға төмендеп, 22 105,36 пункт болды, ал Dow Jones өнеркәсіптік индексі 1,99%-ға арзандап, 46 558,47 деңгейінде жабылды.

Аптаның басында фондтық нарықтағы көңіл-күй мұнай бағаларының күрт ауытқуы мен Иранмен байланысты геосаяси шиеленістің әсерінен шиеленіскен болып қалды. Мұнай бағасының 2022 жылғы ортадан берігі ең жоғары деңгейге дейін өсуі инвесторлардың инфляцияның үдеуіне және АҚШ экономикасына қысым жасалуына қатысты алаңдаушылығын күшейтеді. Қосымша теріс фактор ретінде еңбек нарығындағы әлсіз деректер экономикалық өсудің бәсеңдеуі қаупін арттырды. Алайда сауда сессиясының соңында АҚШ президенті Дональд Трамптың қақтығысты аяқтауы мүмкіндігі туралы мәлімдемелері жағдайды ішінара тұрақтандырды, бұл нарықтағы шиеленісті азайтып, акцияларға сұранысты қолдады.



Аптаның ортасында нарық динамикасы тұрақсыз қалды. Бастапқыда мұнай бағасы Таяу Шығыстағы қақтығыстың бәсеңдеуі күтілгендіктен 10%-дан астам төмендеді, бұл Азия мен Еуропадағы фондтық нарықтарды қолдады. Алайда америкалық нарық жаһандық оптимизмді толық қолдай алмады және сауда сессиясын орташа шығындармен аяқтады. Ормуз шығанағындағы жағдайға қатысты қарама-қайшы ақпараттар мен геосаяси белгісіздіктің сақталуы инвесторларды абай болуға мәжбүр етті. Аптаның екінші жартысында нарыққа мұнай бағасының ауытқулары мен инфляциялық күту қайта әсер етті. Халықаралық энергетикалық агенттік мұнайдың стратегиялық қорларын ең ірі мөлшерде босатқанына қарамастан, мұнай бағасы күрт өсті, бұл инфляцияға қатысты алаңдаушылықты күшейтеді, АҚШ қысқа мерзімді мемлекеттік облигацияларының кірістілігін арттырды.

Аптаның соңында жаһандық нарықтар мұнай бағасының өсуі, мемлекеттік облигациялардың кірістілігінің жоғарылауы және доллардың нығаюы әсерінен қысымға ұшырады. Инвесторлардың көңіл-күйіне қосымша қысым инфляция бойынша макродеректер мен әлемдік орталық банктердің ақша-несие саясатын қатаңдату мүмкіндігіне қатысты күтілімдердің күшеюі болды. Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің күшеюі және Ормуз шығанағы арқылы мұнай жеткізілуінің тоқтау қаупі мұнай бағасының одан әрі өсуіне ықпал етті. Соның нәтижесінде негізгі америкалық қор индекстері аптаны төмендеумен аяқтады, ал инвесторлар макроэкономикалық деректер мен АҚШ Федералдық резерв жүйесінің болашақ саясатына мұқият бақылау жүргізуді жалғастырды.

## Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы 11,3%-ға өсіп, баррелі \$103,14 деңгейіне жетті. Америкалық WTI мұнайы да 8,6%-ға қымбаттап, баррелі \$98,71 болды. Мұнай нарығында апта бойы аса жоғары тұрақсыздық байқалды, бұл Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленіс пен ұсынысты тұрақтандыру мүмкін шараларға қатысты күтілімдерге байланысты болды. Аптаның басында мұнай бағасы күрт өсті — сауда кезінде котировкалар шамамен 29%-ға секірді, өйткені Сауд Арабиясы және басқа ОПЕК елдері қақтығыстың өршуіне байланысты жеткізілімді азайтты. Алайда кейін өсу ішінара қысқарды, себебі АҚШ және «Үлкен жетілік» елдері инфляциялық қысымды тежеу үшін стратегиялық мұнай қорларын пайдалану мүмкіндігін талқылауды бастады. Аптаның ортасында нарық динамикасы күрт өзгерді. Сейсенбі күні мұнай бағасы 2022 жылдан бергі ең ірі бір күндік төмендеуді көрсетіп, 10%-дан астам арзандады, бұл инвесторлардың Таяу Шығыстағы қақтығысты бәсеңдетуге деген үміттеріне байланысты болды. Алайда сәрсенбіде котировкалар қайтадан шамамен 5%-ға көтерілді, Халықаралық энергетикалық агенттік мұнайдың стратегиялық қорынан шамамен 400 миллион баррельді босатуға шешім қабылдағанына қарамастан — бұл ұйым тарихындағы ең ірі араласу болды.

Аптаның екінші жартысында бағаның өсуі жалғасты. Мұнай шамамен 10% қымбаттап, Brent бағасы қайтадан баррелі \$100 деңгейіне жақындады. Нарыққа қосымша қысым жанармай бағасының өсуінен келді: АҚШ-та бензиннің орташа бағасы шамамен \$3,60/галлонға көтеріліп, инфляциялық тәуекелдерге қатысты алаңдаушылықты күшейтеді. Сол уақытта котировкалар тұрақсыз болып қалды және тіпті АҚШ президенті Дональд Трамп Ресей мұнайына қатысты санкцияларды уақытша жеңілдету туралы шешім қабылдағанына қарамастан тұрақты түрде өсе бастады, бұл жаһандық ұсынысқа қатысты алаңдаушылықты азайтуға бағытталды.



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

АҚ “Сентрас Секьюритиз” • Алматы, 050008, Манас к., 32А • тел.: (727) 259 88 77 • [www.cesec.kz](http://www.cesec.kz) • [info@centras.kz](mailto:info@centras.kz)

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз"-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз"-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.